



Қазақстандағы діни ағымдар

ҚАБЫЛДАҒАН:БЕСЕСТАЕВ Б.

ОРЫНДАҒАН:ТУРГУМБАЕВА Е.

- ▶ Қазіргі таңда діни экстремизм мен терроризм бүкіл әлемге қауіп төндіріп, адамзаттың, қоғамның үрейін ұшыруда. Әрине, бұл құбылыс Қазақстанда да жоқ емес. Бүгінгі күні теріс дінді насихаттаушылар уағыздан нақты іске көшіп, еліміздің түкпір-түкпірінде өз ойларын іске асыруда. Оның көріністерін Қазақстанда болып жатқан түрлі террорлық актілерден көруге болады.
- ▶ Атап айтар болсақ, маусым айында Ақтөбе қаласында орын алған оқиға 7 адамның өмірін қиып, бірнеше адамның жарақат алуына әкеп соқтырды. Сонымен қатар, шілде айында Алматы қаласында құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне шабуыл жасалып, салдары адамдардың қаза болуымен аяқталды. Осындай қайғылы оқиғалардың орын алуына діни теріс ағымдардың жетегінде жүрген жастарымыз себепкер болып отыр.

- ▶ Алғашқы кезде жастарымыздың дінге бет бұрғанына қуанып, шүкіршілік еттік. Алайда, теріс пиғылдағы діни ағымдар жастардың ниетін өз мақсаттарына пайдаланып, адастырып, өзін-өзі өлімге қиюға дейін жеткізуде. Бұған ғаламтордың да қосып жатқан үлесі зор. Жастар ғаламтор арқылы түрлі діни сайттарға кіріп сол арқылы дін үйренуде. Ғаламтордағы мәліметтердің шамадан тыс көп әрі қолжетімді болуы діни экстремистік идеялардың кеңінен таралуына да жағдай туғызуда. Сонымен қатар, шет мемлекеттерден дін үйренуге кеткен жастарымыздың арасында да дәстүрімізге сай келмейтін, сол мемлекеттердің ғұрпы мен дәстүріне негізделген діндерді үйреніп келіп, дәстүрімізге сай келмейтін діндерді елімізде насихаттауда.
- ▶ Экстремистік ұйымдар өз жақтастарын көбейту үшін өз идеяларын кеңінен насихаттап, өз ұстанымдарының дұрыстығын діни тұрғыдан дәлелдеуге тырысады. Осы тұрғыда олар өз мақсаттарына жету құралы ретінде діни қағидаларды, қасиетті мәтіндерді пайдаланып дін жолын ұстануға ниеттенген жастарды адастыруда. Лаңкес топтар кейде ашық түрде соғысқа шақырмағанымен, діни бауырмалшылықты насихаттау арқылы өздеріне қаржылық, қызметтік, тағы басқа кез келген көмек көрсеткен адамдардың ісін пайғамбарымыздың, сахабалардың дін жолындағы қайраткерлерімен теңестіріп, сол арқылы қоғам мен жеке адамның санасына кері ықпал етіп, ұлт қауіпсіздігіне нұқсан келтіруді мақсат тұтады.



- ▶ Қазіргі кезде кеңінен таралып жатқан теріс діни ағымдар біздің қазақ жеріндегі сунниттік ханафи мәзһабына мүлдем кереғар екендігі белгілі. Ханафи мәзһабқа көрсегілген ата-бабаға деген ерекше сый-құрмет көрсету, әруақтарға тағзым ету, дәстүрлерді сыйпау сияқты қалыптасқан әдеп-ғұрыптарды жоққа шығарып, мансұқ етуде. Олардың қасиетті Құранды бұрмалап, өздерінің саяси ырқына көндіріп, жеке адамдардың санасын улау арқылы «жиһад жасауға» пайдалануы - нағыз ақпараттық соғыстың көрінісі болып отыр. Теріс діни ағымдар ең алдымен әке-шешепері мен туған-туыстарының әрекеттерін терістеп, оларды дінсіздер қатарына жатқызады, ал жергілікті имам, молдаларды, Қазақстан діни басқармасын, оның басшылығы мен қызметкерлерін мойындамайды. Яғни бұл әрекет - бүкіл халықты бірлік пен бейбітшілікке шақырып отырған ресми жауапты өкілдерді, имандылық пен адамгершілікке тәрбиелеп отырған тұлғаларды терістеу арқылы мемлекет тұтастығын әлсірету және ішкі тұрақтылықты жою мақсатындағы лаңкестік болып отыр. Теолог - ғалымдар діни экстремисттік ағымдарға ерудің негізгі екі себебін көрсетеді: бірі - діни сауатсыздық болса, екіншісі материалдық қажеттіліктері бой ұру. Қазіргі таңда діни сауаттылықты арттыру мақсатында қарқынды жұмыстар жүргізілуде, мемлекет тарапынан арнайы комиссиялар құрылып, халық арасында ақпараттық-насихапық топтар түсіндірмелі жұмыстарды жүргізуде.

Бахаи қауымы

Қазақстандағы Бахаи қауымының пайда болу тарихы 1938-1939 және 1950 жылдары Орта Азия және Кавказ елдерінен Петропавловск, Ертіс, Павлодар, Алматы облысының Шілік ауылына отбасыларымен бірге қоныс аударған табынушылардың есімдерімен байланысты.

Оңалту жұмыстарынан кейін кейбір отбасылар діни әрекет ету бойынша қатаң шектеуге қарамастан, Қазақ ССР жерінде қала берді.

1990 жылдың қазанында Алматы қаласында Бахаи қауымының жергілікті діни жиыны құрылды.

1991 жылдың мамырында Кеңес Одағының Ұлттық Діни Жиынның сайлауына Алматы қаласындағы қауымы қатысты. Қазақстан қалаларындағы Бахаулла идеясының таралуы негізінде 1992 жылы жергілікті діни жиында 18 қауымы болды.

1994 жылы Қазақстанның Бахаи Ұлттық Діни жиынына сайлау өтті, аталмыш ұйым осы жылы тіркеліп, 1997 жылы қайта тіркеуден өтті.

Қазіргі таңда Қазақстанда 6 «Бахаи» жергілікті діни бірлестігі жұмыс жасайды.

Соңғы күн әулиелерінің Иса Мәсіх шіркеуі (мормондар)

1997 жылы елге шіркеу мүшелері келгеннен бастап, Қазақстанда шіркеу жұмысы жүргізіле бастады. 2000 жылы «Қазақстандағы соңғы күн әулиелерінің Иса Мәсіх шіркеуі» атты діни бірлестік тіркелген болатын.

2012 жылдың тамыз айындағы есебі бойынша Қазақстандағы шіркеу мүшелерінің саны 193 адамды құрайды.

2012 жылғы қарашада Қазақстан аумағындағы діни бірлестіктерді қайта тіркеу үрдісінен кейін Астана, Алматы қалаларында Соңғы күн әулиелері Иса Мәсіх шіркеуінің 2 діни бірлестігі қызмет етеді.

2016 жылдың 1 сәуірдегі жағдай бойынша ҚР аталмыш бағыттың 2 шіркеуі жұмыс атқарады.

Кришна санасы қоғамы

Халықаралық Кришна санасы қоғамы Харе Кришна Қозғалысы немесе Кришна санасы қозғалысы атымен де таныс неоиндуистік діни ағым кришнаизмге негізделген. XV ғасырда құрылған Чайтаны-бхакти діни доктринасы бойынша, Вишну құдайына айналған «малшылардың көк құдайы Кришна» үстемдікке ие деп есептеледі.

Ұйым мүшелерінде төрт негізгі қағидат бар, атап айтар болсақ: олар еттен, ішімдіктен, темекі шегуден және нашарлықтан бас тарту, құмар ойындардан, ақша қулығынан, жыныстық қатынастан (жұбайымен тек ұрпақ өрбіту мақсатында жақындасуға болады) бас тартады.

Индуизмде Құдай (Абсолют) тұлғалы емес және оны танып білу мүмкін емес. Кришнаиттер Абсолютті Кришна бейнесінде тұлғалық келбетін құрған. Қазіргі уақытта Қазақстанда 8 діни бірлестік қызмет етеді. Діни ғимараттар саны – 3. Этникалық құрамы – славянтіді халық. Қазақстан бойынша 450 жуық ізбасарлары бар. Кришнаиттердің белсенділігін олардың жиі ұйымдастыратын шараларынан көруге болады.

Кришнаиттер гаудия-вайшнавизмді ән салу арқылы таратады. Қоғамдық жерде Харе Кришна мантрасын орындау және санскрит тілінен аударылған, Бхактиведант Свам Прабхуладтың түсіндірмелерімен жазылған кітаптарын сатумен айналысады.

Халықаралық Кришна қоғамының басқару ұйымының атауы Жи-би-си деп қысқартылған – Халықаралық Кришна санасы қоғамының басқарушы органының атауы.

Мунның бірлестік шіркеуі (муниттер)

«Бірлестік шіркеуі» Қазақстанда 2013 жылы тіркелген. Қазіргі таңда республикада Алматы қаласында орналасқан 1 ұйым жұмыс жасайды.

«Бірлестік шіркеуі» – 1954 жылы Сеулда (Оңтүстік Кореяда) қасиетті Мун Сон Мен негізін қалаған, жаңа діни қозғалыс.

Муниттердің басқарушы орталығы Нью-Йорк қаласында (АҚШ) орналасқан.

Мун тұлғасы «Бірлестік Шіркеуі» ілімінің орталығы болып табылады, оның негізін – құрушының жаңалықтары құрайды, сондықтан оның ілімі «мунизм», ал ерушілері «муниттер» деп аталады.

2016 жылдың 1 сәуірдегі жағдай бойынша ҚР 1 мунның бірлестігі тіркелген.



- ▶ Дегенмен, ақпараттық соғыс заманында күнделікті жаңа қауіп пайда болуда. Сондықтан, өмір ағымынан қалмай үнемі ақпараттанып, бұқаралық ақпарат құралдарынан күнделікті жаңалықтарды қарап, құлағдар болудың да мәні зор. Бкінші себебіне келер болсақ, жалған ақпарат таратып, әлеуметтік жағдайы төмен азаматтарды жоғары жалақымен, баспанамен қызықтырып, өз қатарларын толтыру мақсатында түрпі «жарнамалармен» алдап, соңында сан соқтырып жатқан жағдайлар жиі көрініс тауып жатыр. Сондықтан, бұл қауіпті құбылыспен күресу үшін дін ұстануға ниеттеніп жүрген жастарды бақылауға алып, кімнен дін үйреніп жүргенін білу керек. Егер тандаған жолы бұрыс болса, түсіндіру арқылы көзін жеткізіп, дәстүрлі дінге бейімдеу қажет. Бұл жерде имамдардың рөлі ерекше. Сонымен қатар ата-ана да баласының кіммен араласып, қандай діни жолды ұстанатынына көңіл бөлсе деймін.
- ▶ Әрине, бұл мәселемен күресу мемлекеттік орғандардың ғана жұмысы деп түсіну қате. Мұнымен халық болып күресу керек. Ел іші бүтін болмаса, ел де болмайды. Халқымыздың қауіпсіздігі мен тұтастығын сақтау баршамыздың міндетіміз.

Назарыңызға рахмет!